ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА
№1

03.09.2025 ж

ҚАТЫСҚАНДАР:42 ата -ана
ТАҚЫРЫБЫ:Таныс болайық.
КҮН ТӘРТІБІ
1.Педагогикалық тренинг
2.Ата –аналарға балабақшаның жылдық міндеттемелері, күн тәртібімен таныстыру
3.**«Баланы балабақшаға бейімдеу»**баяндама
4.Жалпы балабақша ата-аналар төрайымын сайлау
СӨЗ АЛҒАН: тәрбиеші - өзінің шығармашылық жұмыстары бойынша презентация жасады. Материалдары қосымша беріліп отыр.
1. ТЫҢДАЛДЫ
Бөбекжай меңгерушісі: - ата-аналарды жаңа оқу жылының басталғанымен құттықтап өтті. Күн тәртібінде қаралатын мәселелерге тоқталып өтті.
БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:
СӨЗ АЛҒАН:Балабақша тәрбиешісі : өзінің ата-аналарға дайындаған тренингін жүргізе отырып «Біз бір-бірімізді жақсы білеміз бе?» сауалнамасын жүргізді.
Сұрақтары: «Біз бір-бірімізді жақсы білеміз бе?»

1. Аты-жөніңіз:
2. Отбасыңыздың ең сүйікті тағамы (әкесі, анасы, баласы)
3. Бала кезіңіздегі сүйікті іс-әрекеттеріңіз! Ол өз балаңызда байқала ма?
4. Жұмыстан келген соң ең алдымен не істейсіз ?
5. Балаңыздың ең жақсы көретін қандай сапалық қасиеттері бар?
6. Өзіңіздің сүйікті мерекеңіз?
7. Сізді балаларыңыз қалай атағанды қалар едіңіз?
8. Өзіңіз және балаңыз қандай түстерді ұнатады?
9. Сіздің және балаңыздың ең жақсы көретін киімдері қандай?
10. Сізді нендей нәрсе қуантады?
11. Бала тәрбиесінде негізгі мәселе не деп ойлайсыз?

2. ТЫҢДАЛДЫ
Екінші мәселе бойынша сөз алған балабақша әдіскері: балабақшаның күн тәртібімен және жылдық міндеттемелерімен таныстырып өтті.

Шешімі: Белгіленіп, бекітілген балабақшаның күн тәртібіне сәйкес тәрбиеленушілерді кешіктірмей әкелу. Балабақшаның тәртіп ережесіне сай таза, ұқыпты киіндіріп, жеке басының гигиена талаптарын сақтау.

3.БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІ: «Баланы балабақшаға бейімдеу» тақырыбында өз баяндамасына тоқатылып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі ата-аналардың арасынан жалпы балабақша төрайымын сайлауға атсалысайық.

СӨЗ АЛҒАН: анасы сөз алып барлық топтардың ата- аналар төрайымдары болғанын қалар едік. Жианлысқа келген басқа ата – аналарда бірауыздан келісіп, қолдады.

СӨЗ АЛҒАН: бөбекжай меңгерушісі - сіздер келісесім берсеңіздер өздеріңіді жалпы балабақша ата-аналар төрайымы ретінде сайлаймыз.

Шешімі: Топтағы ата-аналар бірауыздан толық сайлансын.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:
Хатшы:

ЖШС «Радость -2020»балабақшасы

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 21
Қатыспағаны:1

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жарты жылдық қорытынды
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Қуяш»тобы тәрбиешісі С. Турдахунов абаяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша Қуяш» тобы тәрбиешісі С. Турдахунова балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша екі топ тәрбиешілері Баубекова жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Шешімі:

1. Баяндама негізге алынсын .
1. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
2. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Хаттамаға қосымша материалдар
«Баланы балабақшаға бейімдеу»*БАЯНДАМА*
(АТА – АНА ЖИНАЛЫСЫ)

“Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады.” (А. Құнанбаев)
Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А.Құнанбаевтың жетінші қара сөзі)
Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз.
Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.
Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады.
Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек.
Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

Естеріңізде ұстаңыз: баланы әлсіз деп бағаламай, оның жақсылық жағын да көру керек. Жылы сөзді аямаңыз. Бір нәрсені орындағанда мақтап, орындамағанда сынаңыз. Мақтағанда жеке түрде мақтап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыңыз. Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз. Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға тырысыңыз. Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз. Бала өзін не үшін жазалағанын түсінуі тиіс. Көп жағдайларда баланы мазалау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді.
Ата-ана мен бала үйлесімділігі
Отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасыңыз қандай болу керек? Жасөспірім қарым-қатынасында ең маңыздысы – «ойнамау», жағдай мен көңіл-күйге байланысты өзгеруге

икемділігіңізді көрсетуіңіз керек, баланың пікіріне құлақ асу, оның тұлғасын құрметтеу керек.
Ата-аналардың бұйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзіңізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісіңізбен ғана қарым-қатынасты орната аласыз. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз.
Әзіл мен оптимистік сезімді ұмытпаған дұрыс. Жасөспірім басынан өткен оқиғаның бәрінде трагедияның үлесі бар деп ойлайды. Сондықтан бұл жерде сіздің тарапыңыздан әзілдеу көмекке келеді. Алайда баланың сезіміне күлудің еш қажеті жоқ, әзіл сол қалыптасқан жағдайдың өзіне бағытталуы керек.

Ата –аналардың міндеті
1. Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармауға;
2. Балабақшамен байланыста болып, баланың сабақтан қалмауын, кешікпей келуін қадағалауға;
3. Балалардың өмірі мен білімі үшін олардың рухани дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;
4. Баланы оқулықтар мен басқа оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуге;
5. Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсетуге;
6. Баланың жеке басын қорлайтындай жаза қолданбауға;
7. Тәрбиешілердің құқын, беделін, абыройын сыйлауға;
8. Көше ережелерін сақтауды еске салып тұруға;
9. Үнемі тәрбиешілермен тығыз байланыста болып, ата –аналар жиналысына қатысып отыруға.
Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыздарының бойында ізеттілік, ар-ұят, ұялшақтық,үлкенге қықзмет көрсету, жан ашу қасиеттері басымырақ сияқты. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші - ол анасы.

Ата – аналарға өсиет
Адам азса, тәрбиенің жоқтығынан азады, қоғам азса адамдардың тәрбиесіздігінен азады. Балаға дұрыс тәрбие беру қоғамның болашақ дамуының кепілі. Сондықтан да баланың тәрбиесін бақшаға тапсырып қоймай, ата-ана, бүкіл қоғам, ақпарат құралдары болып атсалысу қажет
Тыңдығындарыңызға рахмет

ХАТТАМА
№3

26.03.2026 ж

ҚАТЫСҚАНДАР:45 ата -ана

ТАҚЫРЫБЫ: «Ата-ана құқықтары мен міндеттері»

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық тренинг «Біздің құқық»
2. «Денің сау болсын десең».Баяндама
3. Балабақша айналасының көгалдандару, абаттандыру

СӨЗ АЛҒАН: Балабақша меңгерушісі: Г.Василова - сөз алып бүгінгі күн тәртібімен таныстырып өтті.

1.ТЫҢДАЛДЫ

БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

СӨЗ АЛҒАН:Балабақша - өзінің ата-аналарға дайындаған **«Біздің құқық»**атты тренингімен бастап жұмысысын жалғастырды. Ата – анларда бес топқа бөле отырып, оларға тапсырма беріп шықты. Ата аналардан құрылған бірінші топ тапсырмасы:

1. Ата –аналар өздерінің білетін құқықтар туралы жазып шығу.
2. Екінші топ бала құқықтары туралы тоқталып өту.
3. Балабақшаның өз құқықтары туралы тоқталып өту.
4. Әкімшілік құқығына тоқталу.
5. Баланың құқықтарын қорғап, ата-аналардың өз баласының алдындағы міндеті туралы айтып өту. Ата-аналар арасында пікір алмасу, диспут туғызу болып табылады..Өз ойларын ортаға салды.

ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Медбике - ата-аналарға дайындаған«**Денің сау болсын десең»**Тақырыбында бірнеше ауыру түрлерінің алдын алу туралы нұсқаулықтар беріп отырды..

ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Балабақша меңгерушісі - ата-аналарды балабақша ауласын абаттандыруға шақырып,көгалдандыруға бірлесе атсалысуға, қолдау көрсетуге, көшеттермен гүлдерді отырғызуға шақырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 1.Медбикенің берген кеңесін тыңдауға

2.Балабақшаның айналасын абаттандыруға бірлесіп қатысу.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:

Хатшы:

ЖШС«Радость-2020» бөбекжай бақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №4

27.05.2026ж
Қатысқаны: 39
Қатыспағаны:11

Күн тәртібінде:
1.Оқу жылының қорытындысы
2.«Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары» (кеңес)
3.«Жаз мезгілінде бала қауіпсіздігі»
Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша Әдіскер У. Масимова «2025- 2026ж Оқу жылының қортындысын» есеп оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Муратова Г баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.
Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші Д. Алмасова- Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары мен тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.
Үшінші мәселе бойынша бақша медбикесі А. Мансурова: «Жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі туралы кеңестер беріп, жымалы папкалар көрсетті. Кеңес: «Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары» Жаз мезгілінде балаларды шынықтыруБалаларды жазда шынықтыру, ата-аналарға баланың ағзасын нығайтуға көптеген мүмкіндік береді. Баланы жүйелі түрде шынықтыру үшін – денсаулығына және көтеріңкі көңіл күйіне қолайлы жағдай туғызу керек. Шынықтыру-ол біріншіден иммунитеті нығайтуға көмектеседі және барлық ауруға қарсы күресетін ағзаның қорғау күшін күшейтеді.Шынықтырылмаған балаларға қарағанда , шынықтырылған балалар аз ауырады, тұмау тию кезіндед де қорқынышты емес, сонымен қатар шынықтыру баланың физикалық және ойлау қабілеттерін жоғарлатуға көмектесед і, жүйе системасын нығайтады.Егер баланы жастайынан шынықтырса, нәтижесі еркше болады. Бала дәрігерінің айтуы бойынша баланы бір айлық кезінен шынықтырған дұрыс. Шынықтырудың ең қолайлы уақыты – жаз мезгілі.Басқа жыл мезгіліне қарағанда, жаз уақытында шынықтыруды кеңінен қолдануға болады. Жаз кезінде – үйде, бөлмелерде емес, таза ауада шынықтыру шараларын жүргізуге болатын, керемет жыл мезгілі.Балаларды жазғы шынықтыру кезінде комлексті шынықтыру процесстеріне кіреді: су процедурасы, ауамен, күнмен, серуендеу, спорт түрлерімен белсенді айналысу, қимылды-қозғалыс ойындары. Осы барлық сауықтыру шараларын таза ауада өткізу керек. Шынықтыру шаралары баланың денсаулығына жас ерекшелігін сәйкес өткізіледі. Сондықтан жеке жұмыс жүргізіледі. Егер баланың денсаулығында кінәрат болса, онда бала дәрігерінен кеңес алу керек.Жазда су процедурасымен шынықтырғанда балаларды табиғи суларда шомылдырады. Бұл процедура үш жастан, күнделікті біртіндеп бастап үйретеді. Алғашқы кезде бала суда 3-5 минут қана болу керек, содан кейін баланы

сүлгімен ұқыпты сүртіп құрғақ киімдер кигізу керек. Әр түскен сайын 3 минуттан көбейтіп отырады. Егер бала шынықпаған болса, суға түсіру процедурасын желді, бұлтты, суық ауа -райында суға түсуге болмайды. Жазда балалардың шынықтыру кезінде ауада сауықтыру ұсынады. Ауа арқылы - жазда жасыл өсімдіктер өсетін, таза ауада: бақшада, саябақта, су бойында алуға болады. Бұл барлық жас ерекшеліктердегі балаларға яғни жылы, желсіз, ашық күнді ауа-райында өте пайдалы. Алғашқы процедура бастағанда үш жасқа дейінгі балаларды 5 минуттан басталады, күнделікті 3 минуттан қосылады. Ауада - баланы шешіндіріп, жалаңаяқ шөпте немесе құмда жүргізіп, аяғын сүртіп қайтадан аяқ киімін кидіруге болады. Жаз мезгілінде ауаны, күнді қабылдау өте пайдалы. Балаға күн сәулесі өте қажет, ағзаны Д – дәруменімен толтырады. Алғашқы кезде күнде 10 минут, ары қарай күнделікті 2 минуттан қосылып отырады. Бірақ көп уақыт күннің астында жүруге болмайды, өйткені басынан күн өтіп немес күйіп кетуі мүмкін. Күн ауа танертен сағат 9. 00 ден 10.00 дейінжәне сағат 16.00ден 17.00 алуға болады. Күннен қорғайтын крем жағуға кеңес береді. Жаз мезгілінде бала далада көп уақыт жүру керек. Балабақшада таза ауада күніне 2-3 рет шығады. Егер жаз кезінде бала балабақшада емес, үйде болса аулада құрдастармен әртүрлі ойындар ойнауға болады. Қазір барлық аулаларда әткеншек, футбол ойнайтын стадион, спорттық құрал - жабдықтармен қамтамасыз етілген. мектепке дейінгі жастағы балаларды үлкендердің қарауымен бірге ғана серуендеуге болады. Жаз мезгілінде балаларды комплексті шынықтыру процедурасын жүргізудің еш қиындығы жоқ, процесске ұқыпты қарап, жағымсыз жағдайларға жол бермеу керек.

Шешімі:

1Атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деген баға берілсін.

2.Ата-аналар мен тәрбиешілерге өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындау жүктелсін.

3. Жаз мезгіліндегі балалар қауіпсіздігі ақпаратар негізге алынсын